

Б. ЕЖЕНХАНҰЛЫ

ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
Азия және Тынықмұхиты аймағы бөлімінің меңгерушісі, т.ғ.д. (Ph.D.), бас ғылыми
қызметкер

ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ МӨРІ БАСЫЛҒАН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ЦИН ПАТШАЛЫҒЫНА ЖОЛДАҒАН БІР ДАНА ХАТЫНА ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР¹

Аннотация

Мақалада Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатынан жаңадан табылған, үстінде Қабанбай батырдың мөрі басылған, 1758 жылы қарақалпақ Күшікқожа бидің шағатай тілінде Цин патшасы Цяньлунға жазып жіберген бір дана хатына, сондай-ақ осы хатпен байланысты өзге де тарихи құжаттарға тарихи-деректанулық талдаулар жасалынып, тиісті тарихи оқиғаның мәні жөнінде сөз қозғалады.

Кілт сөздер: тарих, деректану, Қабанбай, қарақалпақ, Цин патшалық мұрағат құжаты.

Keywords: history, historical source study, Qabanbai, Karakalpak, Qing dynasty archival document.

Ключевые слова: история, источниковедение, Кабанбай, каракалпак, Цинская империя, архивный документ.

1. Қытай мұрағатынан табылған белгісіз хат және ондағы басылған мөрлер

2012 жылы 22 қараша күні Бейжіңдегі Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы «Әскери басқармаға жолданған ұлықтардың мәнжу тіліндегі мәлімдемелерінің көшірмесі» атты Цин патшалық мұрағат құжаттар қорынан (құжаттардың микрофильмдері арасынан) сақталу нөмірі 1736-03 (микрофильм бойынша 051-001761) болып келетін «шағатай» жазба тілінде хатталған бір құжат кездесті. Қытай мұрағатшылары тарапынан аталмыш құжат туралы ешқандай түсіндірме жазылмаған, онда тек аталмыш құжаттың фото көшірмесі (микрофильмде 2 бет етіп көрсетілген, оның бір бетінде хаттың мәтіні, екіншісінде хат жолдаған адамдардың 2 мөрі басылған) мен оның мәнжу тіліндегі аудармасы берілген. Хаттағы шағатайша тіл-жазу осыған дейін біз кездестірген осы тілде хатталған қазақ хаттарының немесе қашқариялық ұйғыр, коқандық өзбектердің хаттарындағы тіл-жазуларынан ерекшеліу. Ал мәнжу тіліндегі аудармасы да хаттың түпнұсқасынан қысқалау екендігі байқалады. Бір қызығы – хатқа басылған екі мөрдің әрбіреуінің сол жақ жанында мөр мәңтінінің мәнжу тіліндегі аудармасы берілген, онда былай делінген:

- «kucuk hojo i temgetu», яғни «Күшік қожаның мөрі» (Сол жақтағы мөрдегі жазу);
- «Habambai i temgetu», яғни «Қабанбайдың мөрі» (Оң жақтағы мөрдегі жазу).

Оң жақтағы мөр біздің назарымызды ерекше аударады, өйткені, осыған дейін біз кездестірген мәнжу тілді мұрағат құжаттарында қаракерей Қабанбайдың есімі осылай «Habambai» деп хатталған. Демек, бұл хат қазақтың әйгілі батыры Қабанбайға қатысы бар екендігі әбден ықтимал. Дегенмен, Қабанбай батырдың мөрі қалайша бұл хатқа басылған? Оның қасындағы мөрде көрсетілген «Күшік қожа» кім? Жалпы, елеусіз болып келген осы

¹¹ Бұл еңбектің жазылуы ҚР БжҒМ қаржыландырған «Қазақ-цин қарым-қатынас тарихы шеңберінде қалыптасқан қазақ хан-сұлтандарының хатнамаларына зерттеулер» атты гранттық ғылыми зерттеу жобасы (УДК 902, Мем. тіркеу № 0112РК02207) шеңберінде жүзеге асты. Мақалада талқыланған тарихи құжаттың факсимилесі Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының рұхсатымен көшіріліп, жарияланып отыр.

тарихи құжат қандай жағдайда қалыптасқан? Бұл сұрақтарға жауап алу үшін, біз әуелі хаттың мәнжу тіліндегі аударма нұсқасын қазақ тіліне қайта аударып шығуды жөн көрдік:

Хаттың мәнжу тіліндегі нұсқасының транскрипциясы:

→

abkai wehiyehe amban han de kucuk hojo
uju jafaha. soltun bekei bi. esim
bi. hara bi. hara minde bi.
holmamat bi. ala najar bi amba
ajige akū uhei hebešefi
amba ejen han de aha ome hengkišehe. /
be inu
amba ejen de hūsun akūmbuki. ukaju
bici. jafafi mejige bufi coohai
kūwaran de benebuki. hara halbak i
nukte ci elcin jihe. hambaba
ilibufi yabubuhakū. ere bithe be /
baturu jiyanggiyūn i elcin batur de
afabuha. baturu jiyanggiyūn ulame
abkai wehiyehe amba han de wesimbureo.. //

←

Хаттың қазіргі қазақ тіліне аудармасы:

Абкай-вехийехе² ұлы ханға Күшік қожа бастаған, Сұлтан-Бекей би, Есім би, Қара би, Қараменді би, Құлмамет би, Алла-назар би қостаған үлкенді-кішілі баршамыз бірауыздан ұлы Ежен ханға құлшылық етіп бас ұрамыз.

Біз де ұлы Ежен ханға еңбек көрсетіп, қашқындарыңыз болған жағдайда әскери лагерлеріңізге хабар жеткізіп немесе сол қашқынды тұтқындап апарып берсек. Қарақалпақ жұртынан елші болып келіп [едік], Қабанбай³ кедергі жасап жібермей жатыр. Осы хат батырұ Цзянцзюньнің елшісі Батұрға тапсырылды. Батұрұ цзянцзюнь әрі қарай Абкай-вехийехе ұлы ханға жеткізгей.

2. Осы хатпен қатысы бар өзге бір Цин патшалық мұрағат құжаты

Жоғарыдағы хаттың мәнжу тіліндегі аудармасын оқи келе, біздің есімізге өзге бір Цин патшалық мұрағат құжаты түседі. Цин патшалығы цянълун жылнамасының 23-жылы 9-айдың 1-күні, яғни 1758 жылы 2 қазан күні мәнжу тілінде хатталған, қытай мұрағатшылары тарапынан «Шет аймақты тыныштандыру армиясының оң қол орынбасар цзянцзюні Чебденжабтың «қазақ Күшікқожа⁴ өз елін бастап бізге бағынып келді, оның осыған байланысты көтерген хатнамасы патша ағзамның назарына жіберілді⁵» деген мазмұндағы мәлімдемесі» деп тақырып қойылған осы құжаттың факсимилесі біз бен Қытайдың Бірінші тарихи мұрағаты бірлесіп шығарған «Қытай-Қазақстан қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы (I том)» атты факсимиле құжаттар жинағына енгізілген⁶. Қытай мұрағатшылары тарапынан берілген

²²«Цянълун» сөзінің мәнжу тіліндегі баламасы. Қараңыз: төмендегі Чебденжаб есімді цин ұлығының мәлімдемесіндегі осы сөзге берілген түсіндірме.

³³ Мәтінде «hambaba» деп қате хатталған. Оның қате екендігін таңбадағы жазу мен Күшікқожа хатының шағатай тіліндегі түпнұсқадағы осы есімнің жазылуы дәлелдейді (қараңыз: төмендегі Күшікқожа хатының транскрипциясы мен аудармасы). Жалпы, Қабанбайдың есімі осылай «hambaba» деп Ханбаба сұлтанның есімімен шатастырылған жағдай Цин патшалық дереккөздерінің бірнеше жерінде кездеседі.

⁴⁴ Қытай мұрағатшылары тарабынан қойылған құжаттың бұл тақырыбында осылай жазылған. Алайда, құжаттың мазмұнына үңілсек, мұндағы айтылған Күшікқожаның қазақ емес, қарақалпақ екендігін білеміз.

⁵⁵ Алайда, осы құжатпен бірге ешқандай қосымша«хатнама» сақталмаған.

⁶⁶«Жинақ» (1), 150 - 152-бб.

мәлімет бойынша⁷, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша - 1712-038; микрофильм бойынша - 050-0564. Құжаттың транскрипциясы мен оның қазіргі қазақ тіліндегі аудармасын біз өзіміздің «Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары (I том)» атты еңбегімізге енгізгенбіз⁸. Онда құжат авторы Чебденжаб өз патшасына (Цяньлунға) былай деген екен:

Пақырыңыздың Батұрұ есімді қорғаушысы Қазақ жерінен қайтып келіп былай деп мәлімдеме жасады: «Мен қазақ Қабанбайдың ауылында қарақалпақтың Күшікқожа есімді адамына кезігіп қалдым. Сонда Күшікқожа маған былай деді: «Мен қарақалпақтардың ауылынан 10 адам бастап келіп Қабанбайға «қазіргі таңда сіздер барлықтарыңыз ұлы ханмен⁹ қарым-қатынаста болып жатыр екенсіздер.¹⁰ Өз кезінде біз өзара сауда қатынаста болған едік, ал біз де барша еліміздің «осылайша ұлы хан мен қарым-қатынаста болып, олармен бірге бейбіт әрі тыныш өмір сүрсек» деген өтініштерін білдіруге келгенбіз. Бақытымызға орай батыр цзянцзюньнің жіберген елшісі сізбен кездесіп отырмыз. Ендеше біз [осы орайды пайдаланып] қарақалпақ елінің барлық бұқарасы атынан өзіміздің ұлы ханмен қарым-қатынас орнатқымыз келетіндігімізді білдіріп¹¹ хатнама көтеріп отырмыз, батыр цзянцзюнь оны біз үшін ұлы патшаға жеткізіп бергей. Бұрын болса қазақтар бізді толассыз тонап келген, ал енді міне осыдан былай біз ұлы патшамен қарым-қатынаста болып тыныш өмір сүре алатын болдық» деді де дереу хат жазып, оның үстіне мөр басып, маған тапсырды. Мен хаттағы жазуды танымағандықтан, тілмаштан оны маған оқып беруді талап еттім. Хатта былай делінген екен: «60 000 отбасы қарақалпақты басқаратын Күшікқожа, Сұлтанбек би, Есімбай, Қара би, Қорбота би, Халахмат би және Алданазар¹² қатарлы үлкенді-кішілі адамдарынан дат: абкай-вехийехе-и ханға¹³ басымызды иеміз. Егер [сіздер тараптан] қашқан қашқындар біз жаққа келсе, онда біз хабарын жеткіземіз. Қарақалпақ елшілері біз осында келіп едік, Қабанбай абкай-вехийехе-и ханға біздің айтқанымызды жеткізбей отыр. Енді міне біз өз хатымызды батыр цзянцзюньнің [елшісі болып келген] қорғаушы елшісіне тапсырып, батыр цзянцзюньнен сол хатты абкай-вехийехе-и ханға жеткізіп беруді өтінеміз» Сонан соң мен, Батұрұ, Күшікқожаның маған тапсырған осы хатын Қабанбайға көрсетіп едім, Қабанбай: «олардың сіздермен қарым-қатынаста болғысы келетіндігі шын.¹⁴ Алайда, олардың тұратын жері тым алыста болғандықтан, әрі-бері елші жіберу ісі өте қиын болар» деді де Күшікқожаның әлгі хатының үстіне өз мөрін де басты» ... Мен өзімнің мәлімдемеммен бірге қарақалпақ Күшікқожаның хатының түпнұсқасын да патшаның назарына жіберіп

⁷⁷ «Каталог» (6), 250-б.

⁸⁸ Еженханұлы 2009 (1), 102 - 106-бб.

⁹⁹ Цин патшасы Цяньлунды меңзеп тұр. Осы құжатта аталмыш цин патшасы қазақтар мен қарақалпақтар тарабынан екі түрлі болып аталады: бірі осы «ұлы хан» болса, тағы бірі сирек кездесетін «абкай-вехийехе-и хан» (қараңыз: төмендегі осы сөзге берілген түсіндірме).

¹⁰¹⁰ Мәтінде қытайдың дәстүрлі дипломатиялық ұғымы бойынша «ұлы ханға бағынып жатырсыздар» деп жазылған.

¹¹¹¹ Мәтінде «ұлы ханға бағынғымыз келетіндігін білдіріп» деп хатталған.

¹²¹² Мұндағы 7 есім мәнжу тіліндегі түпнұсқасында тиісінше «kucuk hojo», «soltobekbei» «esembai» «harabei» «horbotabei» «halahmatbei» «aldanajar» деп хатталған. Біздің осыдан бұрынғы еңбегімізде осылардың ішіндегі «halahmatbei» «halhamkabei» деп қате оқып, оның «Қалқамқабек» деп қазақшаластырмақ болғамыз. Сонда-ақ мұндағы мәжуше «harabei» деп хатталған есімді «Қарабай» деп қазақшаластырмақ болып, ақаулық жібергенбіз. Қараңыз: Еженханұлы 2009, 105-бет.

¹³¹³ Мәтінде «abkai wehiyehe i han» деп хатталған. Мұндағы «abkai wehiyehe» сөзі сол кездегі Цин патшасының жылнамасының және оның титулының атауы болып келетін қытайша «цяньлун» сөзінің мәнжу тіліндегі баламасы. Бір қызығы, мұнда мәнжу тіліндегі атау мен «хан» сөзі қосылып цин патшалық деректемелерінде бұрын-соңды кездеспейтін бір жаңа атау ұсынылып отыр. Осы тіркес туралы біздің төмендегі Күшікқожаның шағатай жазуында хатталған хатындағы тиісті мазмұнға берген түсіндірмеімізге қараңыз.

¹⁴¹⁴ Мәтінде «сіздерге бағынғысы келетіндері шын» деп хатталған.

отырмын ... [Цяньлун жылнамасының 23-жылғы] 9-айдың 1-күні [осы мәлімдеме жіберілді].

Цин ұлығы Чебденжабтың бұл мәлімдемесін оқи келе, біз оның жоғарыдағы жаңадан табылған белгісіз хатпен тікелей қатысы бар екендігіне көзіміз жетеді: жоғарыдағы белгісіз хаттың мәнжу тіліндегі аударма нұсқасында айтылған әңгіме мен Чебденжабтың қарақалпақ Күшікқожа жазған хат мазмұны туралы берген мәліметі негізінен сәйкеседі, екі құжаттың арасында тек мына тұстарға байланысты бір-бірімен ұқсаңқырамайтын жәйттер байқалады: а. Чебденжабтың мәлімдемесінде «60 000 отбасы қарақалпақты басқаратын Күшікқожа» деген сөздер жоғарыдағы белгісіз хаттың мәнжу тіліндегі аударма нұсқасында кездеспейді; ә. Екі құжаттағы Күшікқожанікінен тыс басқа 6 адамның есімдері сәл өзгешелеу болып жазылып, бірінші құжатта олар «soltun bekei bi», «esim bi», «hara bi», «hara minde bi», «holmamat bi» және «ala najar bi» деп келсе, екіншісінде тиісінше «soltobekbei», «esembai», «harabei», «horbotabei», «halahmatbei» және «aldanajar». Дегенмен, бұл айырмашылықтардың барлығын түсіндіруге болады: Чебденжабтың мәлімдемесінде «60 000 отбасы қарақалпақты басқаратын Күшікқожа» деген сөздер жоғарыдағы белгісіз хаттың мәнжу тіліндегі аударма нұсқасында кездеспегенімен, хаттың шағатай тіліндегі нұсқасында кездеседі (тек онда «60 000 отбасы қарақалпақ» деген сөз тіркесі «6 шағарлы қарақалпақ» деп жазылған. Қараңыз: төмендегі Күшікқожа хатының шағатай тіліндегі түпнұсқасының транскрипциясы мен қазіргі қазақ тіліне аудармасы); ал есімдердің өзгешелеу болып қалыптасқандығы – құжат авторларының жат тілді есту қабілеттерінің айырмашылығы немесе құжаттардың хатталған кездеріндегі орфографиялық ақаулықтардан туындаған.

Қорытынды біреу: біздің Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатынан жаңадан тапқан белгісіз хатымыз дәл цин ұлығы Чебденжабтың өз патшасына жолдаған мәлімдемесінде айтатын «қарақалпақ Күшікқожаның хатының түпнұсқасы», ал хаттағы екі мөрдің иесі де анық болды: оның біріншісі аталмыш хатты жазған қарақалпақтың биі Күшікқожа болса, екіншісі сол дәуірдегі қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі – қаракерей Қабанбай батыр. Аталмыш хат пен оның мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы кейін келе мәлім себептермен сол хатты жолдаған Чебденжабтың мәлімдемесінен ажыратылып тасталған (шағатай немесе тот-моңғол тілінде хатталған мұндай ортаазиялық хатнама әдетте цин ұлығы жазған мәлімдеменің «қосымша құжаты» ретінде сол мәлімдемемен бірге сақталынады), ал ол өзге құжаттар топтамасы арасына ағып барып әлгіндей «белгісіз құжатқа» айналып шыға келген.

Цин ұлығы Чебденжаб өз мәлімдемесін «цяньлун жылнамасының 23-жылғы 9-айдың 1-күні», яғни 1758 жылы 2 қазан күні жазған, демек, Қабанбай батырдың мөрі басылған қарақалпақ Күшікқожа бидің хаты осы 1758 жылы тамыздың соңы мен қыркүйектің басы аралығында хатталған болса керек.

3. Күшік қожа хатының шағатай тіліндегі түпнұсқасы

Хаттың транскрипциясы:

→

1. bakir bakir Kučī qojā ulu qarqai taniriniñ uliya salam¹⁵
2. alti šaharli Qara-qalfaq Qaza
3. q bilan bir boldi Sultan-bekei bi Esim

¹⁵¹⁵ Соңғы екі сөз "qarqai taniritiñ" сөздерінің үстіне жазылған.

4. bi Qara bi Qaramenti bi Qulmahmad bi
5. Allanazar bi barča uluq kičik
6. barčalari eitilär
7. Tanri hanya baš
8. saldur čiraq čitıkları bar
9. bolsa biz häm habardar bolaluq
10. biz häm hizmettebiz Qaraqalbaq
11. yurtinän biz häm älcigä kelduk Tanri
12. tiñ wa sibayanizni Qababbay badur jibermer
13. di badur jačjuči¹⁶ älcisi Badurya
14. bu qatbizni tabsurduq badur jačjučeya
15. bu qatbizni tabsurtib berduq badur jačjun tanri¹⁷
16. niñ hanya tabsursun¹⁸

←

Хаттағы мәтін туралы талдаулар:

1. Бірінші жолдағы алғашқы екі сөз. Біз бұл екі сөзді қайталанған бір сөз деп қарастырып отырмыз. Мұндағы сөздің бірінші әрпі айқын емес, біз оны «ㄨ» әрпі деп оқыдық. Біздің ойымызша, мұндағы сөз «пақыр» дегенді білдіреді.

2. Бірінші жолдың ортасындағы «qarqai» сөзі. Бұл сөз мәнжу тіліндегі «abkai», яғни «аспан, тәңір» мәніндегі сөзбен байланысты қалыптасқан. Цин патшасы Цяньлун есімінің мәнжу тіліндегі баламасы «abkai wehiyehe» болып келеді, содықтан осы хаттың авторы мәнжу тіліндегі «abkai» сөзін қате естіп, осылай «qarqai» деп хатқа түсірген болса керек. Қараңыз: хаттың мәнжу тіліндегі нұсқасында цин патшасын «abkai wehiyehe i han» деп атағандығы туралы біздің жоғарыдағы талдауымыз.

3. Хаттағы цин патшасының атауы мәселесі. Хат авторының цин патшасын атауға пайдаланған сөз тіркестері тұрақты емес: бірінші жолда «taniriniñ uli», яғни «Тәңірдің ұлы» деп атаған – бұл қытайшадан келген ұғым болса керек (тарихта қытайлар патшаны «тянь цзи» (天子), яғни «Тәңірдің ұлы» деп атайтын); жетінші жолда «Tanri han», яғни «Тәңір ханы» деп атаған; ал он бесінші және он алтыншы жолдарда «taniriniñ han», яғни «Тәңірдің ханы» деп қате жазылған. Осы жәйт хаттың асығыста жазылғандығын көрсетеді.

4. Екінші жолдағы «šaharli Qara-qalfaq» сөз тіркесі: цин ұлығы Чебденжабтың осы хатпен байланысты патшасына жазған мәлімдемесіндегі тиісті сөз тіркесі «60 000

¹⁶¹⁶ Мұндағы "jačjuči" сөзі "jačjun", яғни "цзянцзюнь" сөзінен келген деп есептейміз.

¹⁷¹⁷ Осыдан басталған бір жол сөздер хаттың соңғы жолын жалғастырып, төменнен жоғарыға қарай тік жазылған.

¹⁸¹⁸ Осыдан басталған бір жол сөздер алдыңғы төменнен жоғарыға қарай хатталған жолдың соңын жалғастырып, оңға қарай хаттың 3-ші және 4-ші жолдарының ортасына бұрып апарылып, тоңқайтылған бағытта жазылған.

отбасылы қарақалпақ» деп алынған (жоғарыдағы осы құжаттың транскрипциясы мен аудармасына қараңыз). Біздің ойымызша, мұндағы екі түрлі сөз тіркестер де қарақалпақтың елдік құрамын меңзеп «алты тайпалы қарақалпақ» деген ұғымды айтпақ болған. Жұртқа мәлім, «екі арыс» қарақалпақ елі 6 үлкен тайпадан құралады: бірінші «қоңырат» арысы «шуллық» пен «жауынгір» деп аталатын 2 тайпадан құралса, екінші «он төрт ру» деп аталатын арысы шын мәнінде 4 үлкен тайпадан, яғни «қытай», «қыпшақ», «кенегес» және «мәңгіт» тайпаларынан құралады.

5. «Қарақалпақ» сөзінің жазылуы мәселесі. Хатта «қарақалпақ» этнонимінің жазылуы да біркелкі емес: екінші жолда «Qara-qalpaq» делінсе, тоғызыншы жолда «Qaraqalpaq» деп жазылған. Автордың өз этносының атауын екі түрлі етіп жазуының өзі бір жағынан хаттың асығыста жазылғандығын білдірсе, екінші жағынан автордың жазу сауаты тым жоғары емес екендігін көрсетіп тұр.

6. Он бірінші жолдың соңғы сөзі мен он екінші жолдағы сөздерден құралған сөйлем түсініксіздеу. Біздің ойымызша, мұнда автор асығыстан 1-2 сөзді жазбай қалдырып кеткен, сөйлем асылы «Тәңірдің ұлына және сізге бермек болған сыбағамызды Қабанбай батыр жібермеді» деген мағынаны білдірмек болған.

7. Он үшінші жолдағы «badur jačjuči älčisi Badur» сөз тіркесі. Мұнда әуелі екі «badur» сөзі жазылған. Жоғарыдағы көрсетілген осы хаттың мәнжу тіліндегі аударма нұсқасына қарап мынаны білеміз: мұндағы бірінші «badur» – цин ұлығы Чебденжабтың құрмет атағы, ол мәнжу тілінде асылы «batuqi», яғни «батұрұ» деп айтылады; ал екінші «badur» – Чебденжабтың елшісі болып Қабанбай батырдың ауылына барған адамның Батұр деген есімі. Мұндағы екінші бір түсініксіздеу сөз «jačjuči», бұл сөз келесі он төртінші жолда «jačjuče» деп, он бесінші жолда тиісінше «jačjun» деп хатталған. Біздің ойымызша, бұл қытай тіліндегі «генерал» деген мағынаны білдіретін «цзянцзюнь» сөзінің бұрмалап дыбысталуынан келген. Хатты тапсырып алушы цин ұлығы Чебденжабтың сол кездегі қытайша мансап атағы «Шет аймақты тыныштандыру армиясының оң қол орынбасар цзянцзюні» (定边右副将军) болатын.

Хаттың қазіргі қазақ тіліне аудармасы:

Пақырыңыз Күшікқожа ұлы абқай тәңірінің ұлына сәлем!

Алты шағарлы қарақалпақ қазақпен бір болды. Сұлтанбекей би, Есім би, Қара би, Қараменді би, Құлмахмет би сынды үлкенді-кішілі баршалары былай деді: «Тәңір ханына бас ұрайық, олардың шалғайдағылары [қашқындары] болса біз де хабардар болсақ, біз де қызмет көрсетуге дайынбыз». Сол себептен, біз қарақалпақ жұртынан елші болып келгенбіз, алайда Тәңірдің [ұлына және сізге бермек болған] сыбағамызды Қабанбай жібермеді. Цзянцзюнь батырдың елшісі Батұрға бұл хатымызды тапсырдық. Цзянцзюнь батырға тапсырып берген осы хатымызды цзянцзюнь батыр [әрі қарай] Тәңірдің ханына тапсырып бергей.

3. Хатпен байланысты тарихи оқиғаның мәні

Енді «Қарақалпақ Күшікқожа би не мақсатта осы хатты жазған?» деген сұраққа келсек. Жоғарыдағы көрсетілген Күшікқожа хатының шағатай тіліндегі түпнұсқасы, мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы және осы хатпен байланысты цин ұлығы Чебденжабтың

жолдаған мәлімдемесі қатарлы тарихи құжаттардан білгеніміз: біріншіден, Күшікқожа бастаған қарақалпақ жұрты Цин патшалығымен қарым-қатынас орнату мақсатында болған; екіншіден, қарақалпақтар Цин патшалығына көмек көрсетіп, Цин патшалығының «қашқындарын» тұтқындап беруге дайын екендіктерін білдірген; үшіншіден, Күшікқожа қарақалпақтардың «қазақтармен бір болдық» және «қазақтар сияқты Цин патшалығымен бірге бейбіт әрі тыныш өмір сүрсек» деген ниетте екендіктерін айтқан. Демек, Күшікқожа би бастаған қарақалпақ көсемдері елдерін қазақтарға жақын жерге көшіруді көздеген. Бұның басты себебі туралы біз дәл сол кезде сауданың жайын бақылау мақсатында Үрімжіге бара жатқан Қабанбай батырдың ұлы Едігенің Чебденжабқа айтып берген әңгімесінен біле аламыз. Жоғарыдағы аталған Чебденжабтың мәлімдемесінде бұл туралы былай делінеді:

Мен, патшаның құлы, [Батұрұ айтқан] осы іс туралы Қабанбайдың ұлы Едіге қатарлылардан сұрап едім, олар: «Бұрын қарақалпақтар біздің елдегі Әбілқайырдың інісі Бұлғарыны (?) өлтіріп тастаған, сол себептен біздегі Абылай, Әбілқайыр қатарлылар әскер бастап олардың жұртын шапқан, сонда осы ел әрі [оңтүстікке қарай ?] көшіп кеткен. Онда барған соң бұларды тағы бұхаралықтар тонап, ел-жұрттары жан-жаққа шашылып кеткен. Олар біздің ұлы ханмен қарым-қатынас орнатқандығымызды естіп, өздері де осылай істесек деп келіп отыр¹⁹. Олар өз қоныстарын осы жаққа қарай көшіріп, бұрынғы көне жұрттарына келіп отырмақшы. Біз олардың осы талабын құптап, олардың көне жұртына оралуына рұхсат беріп отырмыз» деп жауап қайтарды.

Едігенің сөздері, сайып келгенде, мынаны меңзеп тұр: қарақалпақтар қазақтар сияқты көне жұрттарына оралмақшы, оған қазақтар рұхсат берген (демек, жердің қазіргі иесі – қазақтар). Ал ол үшін қарақалпақтар Цин патшалығымен де жақсы байланыста болғылары келеді. Мұнда Едіге маңызды бір мәселені, яғни Жоңғар хандығы жойылғаннан соң өз кезінде жоңғарлардың басып алған жерлеріне «біз қазақтар ие боламыз» деген әңгімені цин ұлықтарына астарлап қозғап отыр.

Жалпы, XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы қазақ-қытай қарым-қатынасының ең бір күрделі қыры немесе екі елдің қарым-қатынасына өзіндік ықпалын тигізген мәселе – Қазақ халықының шығысқа қарай өздерінің Жоңғар шапқыншылығы кезінде айырылып қалған көне жұртына оралуы және сол тарихи үдерісте туған «жерге кім ие болуға тиісті?» деген екі ел арасындағы ұғымдық келіспеушілік пен әр елдің жүргізген саясаты болды. Мұндай мәселелердің пайда болуының негізгі себептерінің бірі – Цин патшалық билеушілерінің империялық пиғылынан туған ірге кеңейту саясатының жүргізілуі. Цин патшасы Цяньлунның және оның Орталық Азиядағы ұлықтарының ұғымы бойынша, бұрынғы Жоңғар хандығының иелігінде болған жерлердің барлығы Цин патшалығына тән болуға тиісті, өйткені Жоңғар хандығын қиратқан Цин патшалығы. Ал қазақ халықы болса, олар шығыстағы жоңғарлар басып алған өздерінің атажұртын ешқашан естерінен шығармаған және сол атажұрттарына оралуды әу бастан мақсат еткен – мұны біз екі ел арасындағы қарым-қатынас енді орнай басталған кездегі қазақ көсемдерінің сөз-әрекеттері туралы цин патшалық мәліметтерінің өзінен-ақ оқып біле аламыз: 1. Абылай хан тұңғыш рет Цин патшалығына елшілерін жібергенде-ақ Цин патшасынан Тарбағатай сынды жерлерді қазақтарға қайтарып беруді талап еткен²⁰. 2. 1755 жылы 17 қыркүйек күні мәнжу тілінде хатталған бір құжатта мынадай мәлімет сақталған: Төле би қатарлы қазақ көсемдері цин ұлықтарына: «Қазір, міне, сіздер біздің көне жұртымызға келіп отырсыздар...(біздің) елдегілер жеке-жеке өз жұрттарымызға оралсақ деп тілек білдіруде»

¹⁹19 Мәтінде «олар біздің ұлы патшаға бағынды дегенді естіп, өздері де бағынғалы келіп отыр» деп хатталған.

²⁰20 «Цин Гауцзун шилу» (Цяньлун патшаға арналған орда естелік), 548-цзюань; Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының мәнжуше «луфу» құжаттар тобының ішіндегі мына нөмірлі құжат: 1855-022

деген сөздер айтқан²¹ ; 3. 1758 жылы 27 қаңтарда мәнжу тілінде хатталған бір құжатта (сондай-ақ «Цин Гаоцзун шилу» мен «Пиндин Чжунгээр фанлюе» сынды дәстүрлі қытай дереккөздерінде) найман Құттыбай батырдың цин ұлықтарына айтып берген бір әңгімесі сақталған, онда Құттыбай батыр цин ұлықтарына «Біздің қазақтың үш жүзі бас қосып, қалмақтарды Қашқарға, Йеркендке және қырғыздардың жеріне дейін қуып жібермек» дегенді жеткізген²² . Ал міне, өз кезегінде Қабанбай батырдың ұлы Едіге де орайды пайдаланып осы әңгімені қозғап отыр.

Қазақтар осы бір ұлы мақсаттарына жету үшін тек білектің күші ғана емес, мүддесі түйіскен, құдай айдап әкеліп жаңа көрші болған Цин елінің тамырын басып, онымен неғұрлым тіл табысып, әртүрлі әдіс-амалдар арқылы онымен бейбіт байланыста болу керек екендігін де түсінген. Сол себептен де, екі ел арасында «жылқыға жібек» сауда қатынасы орнатыла басталған; ал қазақтардың цин патшалығымен тату-тәтті қарым-қатынас орнатуының тағы бір тәсілі – олар алғашындағы Әмірсана бастаған жоңғар қалмақтарымен одақтасып Цин патшалығына қарсы тұру саясатын өзгертіп, керісінше Цин патшалығына көмек қолдарын созып, Цин патшалығына жоңғар қолбасшыларын тұтқындап бере бастаған. Қабанбай батырдың ұлы Едіге мен інісі Төметайды Үрімжіге жіберуінің себебі де осы болатын. 1758 жылы 9 қазан күні мәнжу тілінде хатталған «Тұй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандары туралы мәлімдемесі» тақырыбындағы бір Цин патшалық мұрағат құжатында былай делінеді: «Қабанбай өз ұлы Едіге мен інісі Төметайға 50-ден астам адамын бастатқызып, [біз жіберген?] елшімен бірге Букучағанның ұлын Үрімжіге айдап апарып, ол жердің қаншалықты алшақ екендігін және сондағы саудагерлер санының қаншалықты екендігін білу үшін келе жатыр. Олар өздерімен бірге 500-дей жылқы айдап келе жатыр»²³.

Күшікқожа бидің Цин патшалығына хат жазуының тарихи астары дәл осындай. Күшікқожа би қатарлы қарақалпақ көсемдері қазақтардан үлгі ала отырып шығыстағы көкжиекке көз тігіп, өз елдерінің тынысын кеңейтуге, өздерін шаршатқан ортадан құтылып, елдерін еркіндеу әрі кеңірек етек жаюға мүмкіндігі бар кеңістікке бастап апаруға талпынғылары келген. Алайда, олардың бұл ниеті мен жоспары ақыры іске аспай қалған – бұның себебі туралы бізге ешқандай тарихи дерек жетпеген. Дегенмен, бұған кедергі болған сыртқы себептердің қатарында Цин патшалығының Орта Азия өңіріне қаратқан саясатының қалыптасуы, әсіресе шекара саясатының қалыптасуы себебі бар екендігі даусыз. Мұрнын жаңа өңірге тығып алған соң Цин патшалығы ақыры қазақтардың шығысқа қарай жылжуына мүмкіндік берудің орнына Қазақ жерінің өзіне көз тіге бастаған. Мұндай жағдай Күшікқожаның арманын да құр қиялға айнадырған болса керек.


Қосымша 1: Қабанбай батырдың мөрі (оң жағында)

²¹ Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының мәнжуше «луфу» құжаттар тобының ішіндегі мына нөмірлі құжат: 0448-001


²² Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатының мәнжуше «луфу» құжаттар тобының ішіндегі мына нөмірлі құжат: 1677-017 (микрофильм бойынша 047-2347) нөмірлі болып келетін; «Цин Гаоцзун шилу», 555-цзюань, 17–19 бб; ПДЖФЛ(Чж), 49-цзюань, 9-бет.

²³ «Жинақ» (1) кітабы, 155-157 бб.; «Каталог» (6), 257-б. «Каталог» (6) бойынша, Қытайдың бірінші тарихи мұрағатындағы бұл құжаттың сақталу нөмірі мынадай: құжаттың түпнұсқасы бойынша - 1715-036; микрофильм бойынша - 050-0654; Еженханұлы 2009 (2), 40-бет.

001762



Қосымша 2: Қарақалпақ Күшікқожа бидің хаты



ӘДЕБИЕТ

1. «Жинақ» (1): - Қытайдың Бірінші Тарихи Мұрағаты мен ҚР БЖҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану Институты, Қытай-Қазақстан қарым-қатынастарына байланысты Цин дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы (I том), «Чжунго Дан-ань» («Қытай Мұрағаты») баспасы, Пекин, 2006. (中国第一历史档案馆与哈萨克斯坦东方学研究所合编:《清代中哈关系档案汇编(一)》,中国档案出版社,2006年,北京)

2. «Каталог» (6):
- Қытайдың Бірінші Тарихи Мұрағаты, Қытайдың «Жэньминь Дасюэ» Университетіне қарасты Цин Патшалық Тарихын Зерттеу Институты, Қытайдың Қоғамдық Ғылымдар Академиясына қарасты Қытайдың Шекара Аймақтарының Тарихы мен Географиясын Зерттеу Орталығы (бірлесе құрастырған): «Цин патшалық дәуіріндегі шекара аймақтарына қатысты маньчжур тілінде жазылған мұрағат құжаттарының каталогі» сериясының 6-, 7- және 8-томдары, «Гуанси шифань дасюэ чубаньшэ» баспасы, Гуйлин, 1999. (中国第一历史档案馆与中国人民大学清史研究所及中国社会科学院边疆史地研究中心合编:《清代边疆满文档案目录》(全12册)第6,第7及第8册,广西师范大学出版社,1999年,桂林).

3. Еженханұлы 2009 (1): - Еженханұлы, Б., Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары. I том. Алматы, 2009.

4. «Цин Гаоцзун шилу» («Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер»). Біз бұл деректеменің 1986-87 жылдары аралығында Пекиндегі «Чжунхуа шуцзюй»

баспасынан шығарылған факсимиле нұсқасын пайдаланып отырмыз) («清高宗实录», 1986-87年北京中华书局影印本).

5. ПДЖФЛ(Чж): - *Фу Хэн және басқалар (құрастырған)*, Циньдин пиндин Чжунгээр фанлюе . Чжэнбянь («Патша бекіткен жоңғарларды тыныштандыру жоспарлары . Негізгі бөлік»). Біз бұл деректеменің «Сы ку цюань шу» нұсқасының факсимилесін (Тайванда шығарылған) нұсқасын пайдаланып отырмыз. (傅恒等纂 : «钦定平定准噶尔方略(正编)», 台湾影印四库全书本).

6. Еженханұлы 2009 (2):

- *Еженханұлы Б.*, Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары (I том), Алматы, 2009.

ADIBIYET

"Zhinaq" (1): - Кутайдун Birinshi Tarihi muraғaty men ҚR Bilim R.B. Sylejmenov atyndaғy Shyғystanu Instituty, Кytaj-Қазақстан қарым-қатынастарына байланысты Tzin дәуіріндегі мұрағат қушхаттарының zhinaғy (I том), "Chzhungo Dan-an" ("Кytaj muraғaty") baspasy, Pekin, 2006 (中国第一历史档案馆与哈萨克斯坦东方学研究所合编 : «清代中哈关系档案汇编 (一)», 中国档案出版社, 2006年, 北京)

"Katalog" (6):

- Кytajdyn Birinshi Tarihi muraғaty, Кytajdyn "Zhen'min' Dasyue" Universitetine қарасты Tzin Patshalyқ Tarihyн Zertteu Instituty, Кytajdyn Қоғамдық Fylymdar Akademiyasyna қарасты Кytajdyn Shekara Ajmaқтарының Tarihy мен Geografiyasyn Zertteu Ortalyғy (birlese қарастырған): "Tzin patshalyқ дәуіріндегі shekara ajmaқтарына қатысты man'chzhur tilinde zhazylған muraғat қушхаттарының katologi" seriyasynың 6-, 7- және 8-tomдары, "Guansi shifan' dasyue chuban'she" baspasy, Gujlin (中国第一历史档案馆与中国人民大学清史研究所及中国社会科学院边疆史地研究中心合编 : «清代边疆满文档案目录» (全 12 册)第 6, 第 7 及第 8 册, 广西师范大学出版社, 1999年, 桂林).

Ezhenhanuly 2009 (1):

- Ezhenhanuly, B., Қазақ хандығы мен Tzin patshalyғынұң sayasi-diplomatiyalық қатынастары туралы кytaj muraғat қушхаттары. I том. Almaty, 2009.

"Tzin Gaotzzun shilu" ("Tzin patshasy Gautzzun (Tzyan'lun) туралы орда estelikter". Biz bul derektemeniң 1986-87 zhyldary aralyғyнда Pekindegi "Chzhunhua shutzzyuj" paspasynan shyғaryлған faksimile nYOsқасын pajdalanyp otyrmyz) («清高宗实录», 1986-87年北京中华书局影印本).

PDZhFL(Chzh):

- Fu Hen және басқалар (қYOrастырған), Tzin'din pindin Chzhungeer fanlyue . Chzhenbyan' ("Patsha bekitken жоңғарларды тыныштандыру zhosparлары. Negizgi bөлік"). Biz bYOl derektemeniң "Sy ku tzyuan' shu" nYOsқасынұң faksimilesin (Tajvanda shyғaryлған) nYOsқасын pajdalynyp otyrmyz. (傅恒等纂 : «钦定平定准噶尔方略(正编)», 台湾影印四库全书本).

Ezhenhanuly 2009 (2):

- Ezhghanuly B., Қазақ хандығы мен Тзин патшалығының сауда қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары (I том), Алматы, 2009.

Summary
Bahyt Yejenhanuly

Based on the historical-philological analyses of a new-found letter on which keeps the seal of Kabanbai-batyr of Kazakhs, written in Chagatai (Turki) by Kuchukkhoja the “bi” of Karakalpaks and sent to Qianlong emperor of Qing dynasty in 1758, as well as on the analyses of other relevant documents, this article deals with the meanings of the concerned historical event.

Резюме
Бахыт Еженханулы
The historical and source analysis of the qaraqalpaq letter with the tamga of qabanbay
Batyr, directed to Tsin empire

В статье делается историко-источниковедческий анализ нового обнаруженного в Первом Китайском историческом музее письма с печатью Кабанбай Батыра, направленного в 1758 г. каракалпакским Кушиккожа бием китайскому императору Цяньлуну на чагатайском языке. Автор статьи исследует, связанные с этим важным документом исторические события и их значение.

Поступила 04.03.2013 г.